



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 34 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2008 жылғы 12 қараша

Қаржы нарығындағы жағдай туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2008 жылғы қазанда 0,6% құрады (2007 жылғы қазанда – 4,4%). Азық-түлік тауарларының бағалары 0,6% (6,5%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары 0,4% (1,5%-ға), ақылы қызмет көрсету 0,9% (4,2%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2008 жылғы қазанда бағалардың ең жоғары өсуі жұмыртқа бағасының 5,0%, сүт өнімдері бағасының 2,3%, балық пен теңіз тағамдары бағасының 0,7%, қант және кондитерлік бұйымдар бағасының 0,6% өсуінде тіркелді. Май және тоң майлардың бағалары 0,4%, оның ішінде күнбағыс майының бағасы 1,4%-ға төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киім бағаларының 0,8% және үй тұрмысында пайдаланылатын заттар бағаларының 0,7% көтерілуі байқалды. Дизель отынының және бензиннің бағалары тиісінше 4,9% және 2,7% төмендеді.


Халыққа ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулер 1,2% қымбаттады. Бұл ретте орталық жылыту 5,4%, қатты отын 5,0%, электр энергиясы 0,4%, газбен қамтамасыз ету 0,1% қымбаттады, ал сумен қамтамасыз ету 1,3% арзандады. Білім беру қызметінің бағалары мен тарифтері 2,9%, медициналық қызмет көрсету 0,6% өсті, ал көлік қызметі 1,2% - ға төмендеді.

2008 жылғы қаңтар-қазанда инфляция 8,8% құрады (2007 жылғы қаңтар-қазанда – 13,4%).

2007 жылғы тиісті көрсеткішпен салыстырғанда 2008 жылдың 10 айы ішінде инфляцияның бәсеңдеуіне оның құрамдас бөліктері бағасының, негізінен осы кезеңде 9,5% (2007 жылғы 10 айда – 18,6%-ға) өскен азық-түлік тауарлары бағаларының өсуінің бәсеңдеуі себепші болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 6,5% (7,3%-ға) және ақылы қызмет көрсетулер - 10,1% (11,9%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2008 және 2007 жж. қаңтар-қазандағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2008 жылғы қазанда инфляция жылдық көрсетумен 13,9% құрады (2007 жылғы желтоқсанда – 18,8%).

2. Ақша агрегаттары және халықаралық резервтер.

2008 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері 4,2% (немесе 926,8 млн. АҚШ долларына) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сату бойынша операциялар, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен ішінара бейтараптандырылды.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 685,4 млн. АҚШ долларына азайды, алтындағы активтер оның әлемдік нарықтағы бағасының 11,9%-ға төмендеуі нәтижесінде 241,4 млн. АҚШ долларына төмендеді.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 26 326,4 млн. АҚШ долл.) айдың басынан бері 47 355,3 млн. АҚШ долларына дейін 4,4% -ға төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің 2008 жылғы қазанда қысқаруы ақша базасының 1 570,2 млрд. теңгеге дейін (жыл басынан бастап – кеңеюі 7,2%) 10,5%-ға сығымдалуына себепші болды.

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 5,5%-ға сығымдалып, 1 461,8 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап – кеңеюі 0,5%) дейін жетті.

2008 жылғы қыркүйекте ақша массасының көлемі іс жүзінде өзгерген жоқ (қысқаруы 0,03%) 5 885,8 млрд. теңгеге дейін. Жыл басынан ақша массасы 27,1% өсті.

2008 жылғы қыркүйекте айналыстағы қолма-қол ақша 806,8 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап – 9,1% өсу) дейін 1,3% өсті, бұл ретте банк жүйесіндегі депозиттер 5 079,0 млрд. теңгеге дейін 0,2% қысқарды (жыл басынан бастап – 30,6% өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның депозиттердің өсу қарқынының сығымдалуы аясында өсуі ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2008 жылғы тамыздағы 86,5%-дан қыркүйекте 86,3%-ға дейін төмендеуіне себепші болды.

Ақша мультипликаторы ақша массасының өсу қарқынының қысқаруы аясында ақша базасының кеңеюі салдарынан 2008 жылғы тамыздағы 3,36-дан қыркүйектегі 3,35-ке дейін қысқарды.

3. Валюта нарығы

2008 жылғы қазанда ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты болды.

Бір айдың ішінде теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 доллар үшін 119,27–120,04 теңге диапазонында өзгерді. 2008 жылғы қазан айының соңына қарай теңгенің биржалық бағамы қыркүйек айының соңындағы көрсеткішпен салыстырғанда өзгермей, бір доллар үшін 119,84 теңге болды. Жыл басынан бастап теңге 0,38% нығайды.

Қазанда Қазақстан Қор Биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша саудасаттықтардағы мәмілелерді ескере отырып, қыркүйекпен салыстырғанда 27,5% азайды және 5,4 млрд. АҚШ долл. (10 ай үшін – 55,3 млрд. АҚШ долл.) болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 11,2% азайды және 8,2 млрд. АҚШ долл. (10 ай үшін – 84,7 млрд. АҚШ долл.) болды.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2008 жылғы қазанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 6 аукцион болды. Оларға 6 айлық МЕККАМ (10,9 млрд. теңге), 12 айлық МЕККАМ (10,5 млрд. теңге), 3-жылдық МЕОКАМ (1,1 млрд. теңге), 4-жылдық

МЕОКАМ (1,3 млрд. теңге), 5-жылдық МЕОКАМ (7,3 млрд. теңге), 10-жылдық МЕУЖКАМ (15,0 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 6 айлық МЕККАМ бойынша - 7,12%, 12 айлық МЕККАМ бойынша - 7,64%, 3-жылдық МЕОКАМ бойынша - 8,58%, 4-жылдық МЕОКАМ бойынша - 8,73%, 5-жылдық МЕОКАМ бойынша - 8,94% және 10 - жылдық МЕУЖКАМ бойынша жылдық кірістілік 0,01% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 2,2% (жыл басынан бастап – 46,1%) ұлғайып, 2008 жылғы қазанның аяғында 746,9 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ноталары эмиссиясының көлемі 2008 жылғы қазанда 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 6,2% азайды және 298,3 млрд. теңге болды. Айналыс мерзімі 28 және 91 күн болатын ноталар шығарылды. Ағымдағы жылдың басынан бастап ноталарды шығару 2562,5 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2008 жылғы қыркүйектегі 7,00%-дан 2008 жылғы қазанда 6,13%-ға дейін төмендеді.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2008 жылғы қазанның аяғында 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 29,5% азайып, 332,7 млрд. теңге болды.

5. Банкаралық ақша нарығы

2008 жылғы қазанда 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2,9% (жыл басынан бері 21,8% өсті) төмендеп, баламасы 8976,3 млрд.теңгені құрады.

Орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттердің көлемі 3,5% көтеріліп, 1193,4 млрд.теңгені (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 13,3%-ы) құрады. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қазанда 5,12%-дан 5,19%-ға дейін жоғарылады.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттерінің көлемі қазанда қыркүйекпен салыстырғанда 23,6% төмендеп, 781,3 млрд. теңгені құрады.

2008 жылғы қазанда орналастырылған доллардағы депозиттерінің көлемі 12,9% төмендеп, 47,2 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 63,0%-ы) құрады. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2,58%-дан 1,98%-ға дейін төмендеді.

2008 жылғы қазанда еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 12,9 млрд. еуроға дейін 39,5% (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 22,9%-ы) жоғарылады. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,15%-дан 3,49%-ға дейін төмендеді.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,0%-ынан аз.

Тұтастай алғанда, шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 86,7% құрап, жоғары болып қалып отыр. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (82,2%) резидент емес банктерде орналастырылған.

6. Депозит нарығы.

2008 жылғы қыркүйекте резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің жалпы көлемі 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 0,2% дейін төмендеп, (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 30,6% жоғарылап), 5079 млрд. теңге болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 0,04% төмендеп, 3556,7 млрд. теңге, жеке тұлғалардың депозиттері 0,7% төмендеп, 1522,3 млрд. теңге болды.

2008 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы депозиттер 3,5% ұлғайып, 3213,9 млрд. теңге болды, шетел валютасындағы депозиттер 6,1% төмендеп, 1865,1 млрд. теңге болды. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 61,0 %-дан 63,3%-ға дейін көтерілді.

Халықтың (резидент еместерді қосқанда) банктердегі салымдары бір айда 0,7 % төмендеп (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 6,8% ұлғайып), 1546,2 млрд. теңге

болды. 2008 жылғы қыркүйекте халық салымдарының құрылымындағы теңгедегі депозиттер 0,9% төмендеп, 1004,6 млрд. теңгеге дейін төмендеді, ал шетел валютасындағы депозиттер 0,4% төмендеп, 541,6 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 65,1%-дан 65,0%-ға дейін төмендеді.

2008 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,4% (2008 жылғы тамызда – 4,4%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 11,7% (10,4%) құрады.

7. Кредит нарығы

2008 жылғы қыркүйекте банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 0,3% көтеріліп (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,4% ұлғайып), 7289,6 млрд. теңгені құрады.

Қыркүйекте ұлттық валютадағы кредиттер 0,6% төмендеп, 4088,5 млрд. теңгені құрады, ал шетел валютасындағы кредиттер 1,4% өсіп, 3201,1 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде, теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 56,6%-дан 56,1%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді кредиттер қыркүйекте 0,2% төмендеп, 5795,3 млрд. теңгені құрады, ал қысқа мерзімді кредиттер 2,2% жоғарылап, 1494,3 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде, ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 79,9%-дан 79,5%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттер қыркүйекте 0,9% ұлғайып, 4881,2 млрд. теңгені құрады, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 0,9% төмендеп, 2408,4 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 33,5%-дан 33,0%-ға дейін төмендеді.

Қыркүйекте банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері тамызбен салыстырғанда 0,2% (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,5%-ға төмендеу) ұлғайып, 1467,6 млрд. теңгені құрады.

Салалық бөлуде экономиканың сауда (22,1%), құрылыс (18,5%), өнеркәсіп (9,6%) және ауыл шаруашылығы (3,5%) тәрізді салалары неғұрлым белсендірек кредиттеліп отыр.

2008 жылғы қыркүйекте жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 20,3%-дан 19,4%-ға дейін, ал заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша 16,7%-дан 16,2%-ға дейін төмендеді.

8. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының 2008 жылғы қазанда жүргізілген мониторингінің нәтижелері туралы.

Мониторингке ел экономикасының негізгі салаларын білдіретін 1662 кәсіпорын қатысты, оның ішінде 1044-і орташа және ірі. Кәсіпорындар пікіртеріміздерінің нәтижелері 2008 жылғы 3-тоқсанда қалыптасып отырған экономикалық ахуал және экономиканың нақты секторындағы негізгі үрдістер туралы мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Қаралып отырған кезеңде кәсіпорындардың шаруашылық ету жағдайында мынадай **оң үрдістер** байқалды. Дайын өнім және шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны азайды: баға өзгеруінің диффузиялық индексі тиісінше 60,9 және 78,3 деңгейге дейін төмендеді, бұл 2008 жылғы 2 - тоқсанға қарағанда біршама төмен.

Теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне (тиісінше 16,0%, 11,7% және 11,4%) бағамы өзгеруінің теріс ықпалын бастан өткерген кәсіпорындар санының азаю үрдісі жалғасты. Көпшілік кәсіпорындардың көбінің шаруашылық қызметтеріне теңгенің осы валюталарға деген бағамының ағымдағы өзгеруінің теріс ықпалы болған жоқ.

Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі жоғарылады, ол бірінші кезекте айналым қаражатының активтердегі үлесінің 45,0%-ға дейін (2-тоқсандағы 43,4% бастап) және айналым активтері айналымдылығының 44,8%-ға дейін (2-тоқсанда 44,6%) ұлғайғандығын көрсетеді.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі де жоғарылады: инвестицияларды қаржыландыру үшін өз қаражатын пайдаланған кәсіпорындардың үлесі 59,2% дейін, ал банктердің кредиттері - 7,6% дейін ұлғайды.

Ағымдағы активтердің өтімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан нақты сектор капиталының құрылымы оң болып отыр: ағымдағы активтер ағымдағы міндеттемелерді толық жабады - ағымдағы өтімділік коэффициенті 1,75 құрады. Пікіртерім жүргізілген кәсіпорындардың жалпы төлеу қабілеттілігі (2,12) қалыптыдан жоғары деңгейде (2,0) болып отыр.

2008 жылғы 3-тоқсанда экономикада кәсіпорындардың шаруашылық ету талаптарына әсер еткен *теріс үрдістер* аз болған жоқ, оның ішінде мыналар неғұрлым айқын көрінді.

Кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныстың өсу қарқыны төмен болып отыр: сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі 51,6 құрады.

Елдің экономикасы бойынша сату рентабельділігі негізінен көлік және байланыстағы көрсеткіштің төмендеуі есебінен 3,1% төмендеді.

Жоғары (40,0%-дан жоғары) сату рентабельдігі бар (салық салғанға дейін) кәсіпорындардың үлесі (19,9%-ға дейін) азайды және шығынды кәсіпорындардың үлесі 15,9% дейін ұлғайды.